

**«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша
философия ғылымы докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған Аязбаева Сәуле Аязбайқызының
«Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты
диссертациясына ғылыми жетекшінің**

ПІКІРІ

Қазақ фонетика ғылымы — тіл білімінің дыбыс жүйесін, оның табиғатын, құрылымдық заңдылықтарын, тарихи дамуын және қызметін зерттейтін маңызды саласы. Фонетика ғылымы тілдің ең кіші бірлігі — дыбыстың жасалу, айтылу және естілу ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың сөз мағынасын айқындаудағы ролін қарастырады. Қазіргі таңда қазақ фонетикасы тек дәстүрлі бағытта ғана емес, эксперименттік, акустикалық және артикуляциялық тұрғыдан да зерттеліп келеді. Бұл бағыттар тіл дыбыстарының физиологиялық және физикалық қасиеттерін айқындауға, сөйлеу процестерін автоматтандыру мен цифрлық талдауда қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ фонетикасы — қазақ тілінің табиғи дамуын, ұлттық дыбыс жүйесінің сақталуын және тіл мәдениетінің қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі ғылыми арналардың бірі. Оның зерттеу нәтижелері тіл оқыту әдістемесінде, сөйлеу мәдениетінде, логопедияда және лингвистикалық технологияларда кеңінен пайдаланылады.

Қазақ тілінің морфонологиялық жүйесінде жұрнақтардың үндесім-үйлесім заңдылықтары ерекше орын алады. Үндесім (сингармонизм) — түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің де фонетикалық құрылымының ең басты заңы. Бұл заң сөз құрамындағы барлық буын мен дыбыстардың өзара үйлесіп, үндесіп келуін қамтамасыз етеді. Ал жұрнақтар осы үндесім заңына бағына отырып, түбір сөздің фонетикалық бейнесіне икемделеді.

Жұрнақтардың үндесім-үйлесім модельдері — тілдің ішкі құрылымындағы морфонологиялық бірліктердің үндесу үлгілерін айқындайтын күрделі жүйе. Мұнда әрбір қосымша түбірдің соңғы дыбысына, буын құрамына және дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне, еріндік-езулік сапасына қарай түрлі фонетикалық варианттарда (алломорфтарда) көрініс табады.

Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері — тілдің ішкі заңдылығын айқындайтын, тарихи және жүйелі сипатқа ие күрделі морфонологиялық құбылыс. Бұл модельдер сөзжасам мен сөз түрлендіру процесінің табиғи тетіктерін көрсетеді. Жұрнақтардың үндесімі тек фонетикалық сәйкестік емес, сонымен қатар грамматикалық және семантикалық үйлесімді қамтамасыз ететін жүйе болып табылады. Осы себепті жұрнақ үндесімін зерттеу қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиясының түйіскен тұсын тануда маңызды мәнге ие.

С.А. Аязбаеваның «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» тақырыбындағы зерттеу жұмысы қазақ тіл біліміндегі өзекті

мәселелердің бірін – жұрнақтардың фонетика-фонологиялық үндесу жүйесін зерттеуге арналған. Диссертант зерттеуде сингармологиялық атау/терминдердің түсінктемесін теориялық тұрғыдан дәйектеді, қазақ тілінің үндесінің дыбыс құрамына талдау жасап, олардың артикуляциялық анықтамасын ұсынды, сонымен қатар қазақ тілінің үйлесім дыбыс құрамын дәйектеп, жұрнақ сегменттерінің үндесім-үйлесім құрамын толықтырды, қазақ тілінің жұрнақ сегменттерінің үндесім моделін, жұрнақ сегменттерінің үйлесім моделін құрастырудың теориялық дәйектемесін берді.

Ізденуші қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдерін жұрнақтардың түбір сөзбен дыбыстық, морфонологиялық және мағыналық тұрғыда бейімделуін, яғни олардың фонетикалық варианттылығы мен морфонологиялық икемділігі тұрғысынан зерттеді.

Диссертация кіріспеден, бір-бірін логикалық тұрғыдан толықтыра сабақтастыратын үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, екі қомысшадан тұрады. Диссертанттың зерттеу жұмысындағы теориялық қорытындылары, тұжырымдар мен ұсыныстары нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген.

Диссертанттың өзіндік тұжырымдары нақты мысалдармен талдауға негізделген, тілдік материалдармен дәлелденген. Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының жалпы саны – 9. Олардың ішінде Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналда жарияланған, ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланған мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тараулардың мазмұнымен сәйкес келеді, олардың да ғылыми деңгейі жоғары. Республикалық және Халықаралық конференциялар жинақтарында жарық көрген жарияланымдар зерттеудегі міндеттерді шешуді көздеген тарауларға сай келеді. Диссертанттың зерттеу нәтижелері тіл оқыту әдістемесінде, орфоэпиялық нормаларды қалыптастыруда, болашақта автоматты сөйлеу тану және тіл технологияларында да маңызды практикалық мәнге ие. Зерттеу нәтижесі қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдарын, әдістемесін көрнекі интерактив үлгілермен толықтыруға мүмкіндік береді.

Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» диссертациялық жұмысы аяқталған, толыққанды, талаптарға сай жазылған еңбек, «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Авакова Р. А.

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрлар
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

« 4 » 10 20 25 ж.г.

